

**6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Абдикадирова Индира Темирхановнаның
«Артериалды гипертензиямен ауыратын науқастар үлгісінде ақпараттық
жүйелерді пайдаланудың медициналық-ұйымдастыру тиімділігін бағалау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми рецензент – медицина ғылымдарының докторы, профессор
Кулов Дюсентай Баркенұлының**

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканы дамыту сұраныстары)

Еліміздің әрбір медициналық мекеме деңгейінде басқару жүйесін жетілдіру, халық денсаулығын қорғау мәселесі – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік ақпараттық саясаттың құрамдас бөлігі, оның негізгі мақсаты – халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасы мен қолжетімділікті арттыру.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауда: «электронды медицина», «смарт-медицина», «дистанционды алдын алу және емдеу» қызметтерін енгізу туралы көрсетілген. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесін реформалау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасында денсаулық сақтау саласына ақпараттық жүйелерді және ақпараттық-аналитикалық орталықтарды енгізу бойынша денсаулық сақтаудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі белсенді қызмет атқаруда. Сондай-ақ, «Ақпараттық Қазақстан-2020» стратегиялық бағдарламасы аясында амбулаториялық-емханалық мекемелерде web-негізделген ақпараттық жүйелер енгізіліп, барлық тіркеулер мен жазбалар электронды түрде жүргізілуде. Электронды денсаулық сақтау амбулаториялық-емханалық деңгейде медициналық көмек көрсетуде, сондай-ақ денсаулық сақтау менеджментінде ақпараттық жүйелерді тиімді әрі кешенді қолдануды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйелер тұрғындар денсаулығын, оларға медициналық қызмет көрсету сапасы мен тиімділігін жақсартатын стратегиялық және оперативті шешімдер үшін денсаулық туралы ақпаратты өз уақытында алуды қамтамасыз етеді. Дәрігерлер жұмыс орнының автоматтандырылуы, электронды медициналық жазбалардың енгізілуі, жаңа медициналық ақпараттар мен жүйелердің қолданылуы – болашақта Қазақстан денсаулық сақтау саласында медициналық көмек көрсету және халықтың өмір сапасының жоғары дәрежеде болуымен сипатталатын өзекті мәнге ие.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар негізіндегі ғылыми нәтижелер

Бүгінде әлемдік тәжірибеде денсаулық сақтау саласы бойынша ақпараттық жүйелерді қолдануда айтарлықтай тәжірибелер жинақталған, олар бірқатар елдердің медициналық мекемелерінде кеңінен қолданылуда. Электронды денсаулық сақтау денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелерді экономикалық тиімді әрі қауіпсіз пайдалану және медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға бағытталған бағдарлама. Оның негізгі міндеттеріне ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, пациент туралы медициналық ақпаратты өңдеу жатады. Заманауи медициналық мекеме жұмыстарының тиімділігі ақпараттық жүйелерді тиімді қолдануына, үлкен көлемді деректерді өңдеу мен басқару сапасына тікелей байланысты.

Индира Темирхановнаның қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесі амбулаторлық-емханалық мекемелерде ақпараттық жүйелерді пайдаланудың тиімділігін бағалауға арналған. Екінші бөлім зерттеудің материалдары мен әдістеріне арналған, диссертант зерттеу барысында жүргізген әдістерін толық сипаттаған. Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде амбулаторлық-емханалық мекемелерде ақпараттық жүйелерді қолдану ерекшеліктері мен тиімділігіне талдау жүргізілген. Қорытынды диссертациялық жұмыстың мазмұнынан негізделіп жазылып, оның негізгі қағидалары айқындалды.

Жүргізілген жұмыстың зерттеу деңгейі, алынған нәтижелердің жаңалығы мен олардың ғылымдағы маңыздылығы және тәжірибелік ендірулері 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін қорғауға ұсынылған диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

3. Ізденушінің диссертациялық жұмысындағы әрбір ғылыми нәтижелерінің қорытындысы және тұжырымдарының негізділігі мен сенімділік дәрежесі

Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері қойылған әдістемеге сәйкес. Ұсынылған зерттеу әдістері бірін-бірі толықтырып, байланыстылығын арттырады. Абдикадинова Индира Темирхановнаның диссертациялық жұмысының ғылыми ережелері мен қорытындылары толық негізделген әрі сенімділік дәрежесі айқындалған және қойылған міндеттерге сәйкес. Ғылыми жұмыс жеткілікті әрі нақты дәлелді мәліметтерден туындаған. Зерттеудің нәтижелері ғылыми жаңалық пен тәжірибелік маңыздылыққа ие. Жұмыстың ғылыми нәтижелері таңдамалы статистикалық жиынтықты пайдалана отырып анықталған, медициналық қызметкерлердің жасы, жұмыс өтілі мен ақпараттық бағдарламаларды меңгеру деңгейлері арасындағы байланыстылық деңгейі корреляциялық сараптау барысында шынайылықпен дәлелденген.

Статистикалық өңдеу корреляция коэффициентін және шынайылық көрсеткішін есептеу арқылы жүзеге асырылған. Статистикалық талдау R 3.5.1 нұсқасы және Statistica 10.0 статистикалық өңдеу бағдарламасы тілінде жүргізілді. Деректер қоры Excel файлында құрылды. Әр талдауға қажетті

Ақпараттық жүйелерді қолдану аурудың асқыну жағдайларының санын төмендетуге және пациенттердің медициналық қызметкерлермен бірге өз ауруларын басқарып және асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Ал студенттерді интернет-кластарда денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелерді меңгеру бойынша оқыту теорияны тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

«Емхана» ААЖ, «Диспансерлік науқастарды электрондық тіркеу» ақпараттық бағдарламаларын қолдануды зерттеу негізінде амбулаторлық-емханалық мекемелердегі басқа да ақпараттық жүйелерді жетілдіру, сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесін цифрландыруға көшуді жеделдету бойынша әдістемелік ұсыныстар енгізілді.

Диссертантпен алынған зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының тұтастығын теориялық және тәжірибелік медицинаның үлкен жетістігі ретінде, ғылымның дамуына қосар үлесі бар дерек болып саналады.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларын, нәтижелерін және қорытындысын басылымдардың жеткілікті толықтығын растау

Жарияланған жұмыстар диссертацияның негізгі мазмұнын көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 15 баспа жұмыстарында жеткілікті толық көрсетілген, оның ішінде: 2 басылым – халықаралық мәліметтер базасына кіретін Web of Science (Tomson Reuters) «SHS Web of Conferences» ғылыми баспасында және Scopus «Drug invention today» деректер қорында индекстелген журналда; 4 басылым – ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын қадағалау Комитетімен ұсынылған ғылыми баспаларда; 6 басылым – халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында; «Амбулаториялық-емханалық мекемелерде ақпараттық жүйелер тиімділігін бағалау» тақырыбында әдістемелік нұсқау әзірленді.

Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 2 куәлік алынды.

8. Академиялық адалдық принципке сәйкес

Диссертант өз жұмысында академиялық адалдық қағидаларын ұстанды. Автор өзге авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін диссертация мәтінінде авторларға сілтеме жасау барысында сақтаған.

9. Диссертацияның мазмұны мен дизайнындағы кемшіліктер

Диссертацияның мазмұны және оны ресімдеу қойылған талаптарға толық сәйкес келеді. Қарастырылып отырған жұмыстың барлық артықшылықтарына қарамастан, диссертациялық жұмыстың оң қорытындысын өзгертпейтін келесі кемшіліктер мен ұсыныстар туындады:

1. Зерттеу шешімдері өте ауқымды және оларды қысқаша келтіруге болар еді.
2. Кейбір диаграммаларда зерттеп отырған белгілердің атаулары көрсетілмеген.

Алайда, жоғарыда айтылған ескертулер рецензияланып отырған диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығын және маңыздылық дәрежесін төмендетпейді.

деректер R бағдарламасына жүктелді және сызықтық регрессия моделіне сәйкес есептелді.

Қалыпты таралым R бағдарламасындағы Шапиро-Вилка тесті көмегімен тексерілді, көрсеткіштер арасындағы корреляциялық талдау тау Кендалл (параметрлік емес) корреляция коэффициенті арқылы орындалды. Корреляция коэффициенті мен статистикалық мәнге сәйкес келетін тау Кендалл мәні 95% сенімді интервалымен көрсетілген.

Қорғауға шығарылған қағидалар ғылыми жұмыстың қорытындысы мен тұжырымдарына сәйкес келеді. Орындалған ғылыми зерттеудің дәйектілігі мен логикалық байланысы байқалады.

Барлық жүргізілген зерттеу көлемі (PhD) философия докторы дәрежесіне ұсынылған диссертация үшін жеткілікті деңгейде.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, қорытынды мен тұжырымдарының жаңалық дәрежесі

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы алғаш рет Ақтөбе қаласының амбулаторлық-емханалық мекемелерінде артериалды гипертензиямен диспансерлік науқастарға мониторинг жүргізу барысында «Емхана» ААЖ, «Диспансерлік науқастарды электрондық тіркеу» ақпараттық жүйелерінің медициналық-ұйымдастырушылық тиімділігіне бағалау жүргізілді.

Біріншілік медициналық-санитарлық көмек көрсету деңгейіндегі ақпараттық жүйелерді бағалау бойынша жасалған жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңызы жалпы науқастарды, соның ішінде артериалды гипертензиямен науқастарды ерте және толық қамти отырып, динамикалық бақылауды жетілдіруге ықпал етуімен анықталады.

Еңбектің негізгі қорытындысы мен диссертация тұжырымдары жеткілікті дәрежеде жаңашылдығымен орындалған, зерттеу нәтижелері ғылыми жаңашылдыққа және тәжірибелік маңыздылыққа ие.

Осылайша, диссертантпен алғаш рет амбулаторлық-емханалық мекемелерде ақпараттық жүйелерді пайдалану тиімділігі бағаланып, жұмыстың ғылыми жаңалығы жеткілікті дәрежеде айқындалды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Абдикадинова Индира Темирхановнаның диссертациялық жұмысының ішкі бірлігі зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің тұрақтылығымен, алынған нәтижелерімен, жұмыс тұжырымдарымен және тәжірибелік ұсыныстарының бірлестігімен көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің шынайылығы диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдарын негіздеуге мүмкіндік береді.

Қорғауға шығарылған қағидалар ғылыми жұмыстың қорытындысы мен тұжырымдарына сәйкес келеді. Орындалған ғылыми зерттеудің дәйектілігі мен логикалық байланысы байқалады. Жұмыста ұсынылған барлық міндеттер тиісті нәтижелер мен тұжырымдармен расталады. Қорғауға шығарылған қағидалар мақсаттар және міндеттерге толығымен сәйкес келеді.

6. Өзекті мәселенің, теориялық немесе қолданбалы міндеттеріне сәйкес тиісті шешім қабылдау үшін алынған нәтижелердің бағыты

Индира Темирхановнаның диссертациялық жұмысы қазіргі уақытта өзекті және үлкен теоритикалық әрі тәжірибелік маңыздылыққа ие.

Осы кемшіліктерді атай отырып, рецензент ретінде докторантка қоятын бірқатар сұрақтар бар:

1. Зерттеу кезінде сіз медициналық қызметкерлердің дербес компьютерді меңгеруін баллдық көрестекіш бойынша анықтағансыз, соған байланысты сауал қандай критерияға сүйеніп жасадыңыз?
2. Сіздің сауалнамаға қатысқан пациенттер артериалды гипертензия бойынша диспенсерлік есепте тұрған науқастар, неліктен тек осы науқастарды алдыңыз?

10. Қорытынды

6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін ізденіске ұсынылған Абдикадинова Индира Темирхановнаның «Артериалды гипертензиямен ауыратын науқастар үлгісінде ақпараттық жүйелерді пайдаланудың медициналық-ұйымдастыру тиімділігін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жеткілікті деңгейде жазылған, нәтижелі, толық аяқталған, дербес ғылыми еңбек болып табылады.

Орындалған зерттеу жұмысының өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығын ескере отырып, ұсынылған диссертациялық жұмыс 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ие болу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп санаймын.

Ресми рецензент:

**«Қарағанды медициналық университет» ҚБ АҚ
Қоғамдық денсаулық, биоинформатика және
фармация мектебінің м.ғ.д, профессор**

Кулов Д.Б.

